



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ҰЛТТЫҚ ҚАЗАҚ СҮТ ӨНІМДЕРІ

Түрлері

Жалпы техникалық шарттар

НАЦИОНАЛЬНЫЕ КАЗАХСКИЕ МОЛОЧНЫЕ ПРОДУКТЫ

Виды

Общие технические условия

ҚР СТ 2117-2015

Ресми басылым



**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ҰЛТТЫҚ ҚАЗАҚ СҮТ ӨНІМДЕРІ

Түрлері

Жалпы техникалық шарттар

ҚР СТ 2117-2015

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

ҚР СТ 2117-2015

Алғысөз

1 "КазВод-Консалтинг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының Төрағасының 2015 жылғы 30 қарашадағы № 250-од бұйрығымен БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

3 Осы стандартта Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-ІІ «Техникалық реттеу туралы» және 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңдарының ережелері іске асырылған

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2022 жыл
5 жыл**

5 ҚР СТ 2117-2011 «Ұлттық қазақ сүт өнімдері. Виды. Жалпы техникалық шарттары» ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат "Стандарттау жөніндегі нормативті құжаттар" ақпараттық көрсеткіштерінде, ал өзгерістер мәтіні ай сайын басылатын "Ұлттық стандарттар" ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі. Осы стандартты қайта қарау (жою) немесе ауыстыру жағдайында, тиісті хабарлар ай сайын басылатын "Ұлттық стандарттар" ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектегіп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Жіктелуі	5
5	Жалпы техникалық талаптар	6
6	Қауіпсіздік талаптары	18
7	Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптар	18
8	Қабылдау ережелері	19
9	Бақылау әдістері	19
10	Тасымалдау және сақтау	19
11	Әзірлеушінің кепілдігі	19
	Библиография	20

KP CT 2117-2015

ҰЛТТЫҚ ҚАЗАҚ СҮТ ӨНІМДЕРІ

Түрлері

Жалпы техникалық шарттар

Енгізілген күні 2017-010-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт классикалық технология бойынша әзірленген ұлттық қазақ сүт өнімдеріне (әрі қарай - ұлттық сүт өнімдері, қазақ ұлттық сүт өнімдері, сүт өнімі) және тікелей тағамға пайдалану үшін немесе шикізат ретінде қолданылатын өнімнің басқа түрлеріне қолданылды.

Стандарт жіктеу, техникалық талаптар, қабылдау, сынау, қаптау, тасымалдау мен сақтау өткізу тәртібін қоса алғанда ұлттық сүт өнімдеріне жан-жақты талаптарды орнатады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін келесі сілтемелік құжаттар қажет болады:
ҚР СТ 84-2015 Ұлттық қазақ сүт өнімдері. Ірімшік. Техникалық шарттары.

ҚР СТ 117- 2015 Шұбат. Техникалық талаптары.

ҚР СТ 166- 2015 Өңдеуге арналған түйе сүті. Техникалық шарттары.

ҚР СТ 1005-98 Бие сүті. Сатып алу кезіндегі талаптар.

ҚР СТ 1081-2002 Технологиялық нұсқаулықтар мен тағамдық өнімдерге рецептураларды әзірлеу тәртібі. Негізгі ережелер.

ҚР СТ 1102-2015 Ұлттық қазақ сүт өнімдері. Сары ирімшік. Жалпы техникалық шарттары.

ҚР СТ 1103-2015 Ұлттық қазақ сүт өнімдері. Сузбе. Жалпы техникалық шарттар.

ҚР СТ 1105-2015 Ұлттық қазақ сүт өнімдері. Бал- қаймақ. Техникалық шарттары.

ҚР СТ 1406-2005 Қаптау. Таңбалау белгілері.

ҚР СТ 1732-2007 Сүт және сүт өнімдері. Сапа көрсеткіштерін анықтаудың органлептикалық әдісі.

ҚР СТ 1733-2007 Сүт және сүт өнімдері. Жалпы техникалық шарттары..

ҚР СТ 1734-2007 Сүт және сүт өнімдері. Қабылдау ережелері Сынау әдістері.

ҚР СТ 1760-2008 Сиыр сүті. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 2117-2015

ҚР СТ 2005-2010 Сүт және сүттен өңделіп жасалған өнімдер. Технологиялық нұсқаулығы. Рәсімдеу, құрылымдау және құрамына қойылатын жалпы талаптар.

ҚР СТ 2019-2010 Сүт және сүт өнімдері. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 8.579-2002 Өлшеудің бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Өндіру, бөліп салу, сату және импорттау кезінде кез келген түрде қаптамадағы тауардың санына қойылатын талаптар.

ГОСТ 2874-82 Ауыз су. Тазалық талаптары және сапасын бақылау.

ГОСТ 4495-87 Қаймағы алынбаған құрғақ сүт. Техникалық шарттары .

ГОСТ 10970-87 Сүт сухое Майсыздандырылған. Техникалық шарттары.

ГОСТ 14192-96 Жүкті таңбалау.

ГОСТ 23285-78 Көліктік пакеттер тағамдық өнімдер мен шыны ыдыстарға арналған. Техникалық шарттары.

ГОСТ 25776-83 Данамен өнім, тұтынушы ыдысында. Термо қондыру үлдірінде топтық қаптама.

ГОСТ 26663-85 Көліктік пакеттер. Пакеттеу құралдарын қолданумен қалыптастыру. Жалпы техникалық талаптар.

Ескерту – Осы стандартты пайдалану барысында, сілтеме берілген стандарттар мен сыныптауыштардың әрекетін жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар көрсеткіші» анықтамалық көрсеткіші және сәйкесінше ай сайын басып шығарылатын, ағымдағы жылы жарияланған ақпараттық көрсеткіш бойынша ағымдағы жылға жағдайына қатысты тексерген дұрыс. Егер сілтеме берілген құжат алмастырылған (өзгертілген) болса, онда осы стандартты пайдалану барысында ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме берілген құжат алмастырылмастан күші жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ереже сол сілтемені қозғамайтын тұрғыдан қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Қазіргі стандартта ҚР СТ 2019 терминдері, сондай ақ сәйкес анықтамаларымен келесі терминдер:

3.1 Бал-қаймақ: Пастерленген гомогенделген кілегейлерден, оларды жоғары температурада өңдеу және ылғалын ұнтақ жарманы және қантты қосу арқылы өндірілген сүт тағамы.

3.2 Саумал қымыз: Қымыз - сүтті тағамы, жаңа сауылған, биенің сүті қосылған ашытудың бастапқы кезеңіндегі немесе ашытылған қымыз.

3.3 Уыз қымыз: Сүт тағамы уыз-қымыз, қою ашытылған биенің уыз-сүті.

3.4 Бал қымыз: Балды қымыз - бал, қымыз, мейіз, өрік немесе басқа заттарды қосылған сүт өнімі.

3.5. Ашытылған қымыз: Ашытылған қымыз - сүт өнімі.

3.6. Бір күндік қымыз: Бір күндік қымыз сүт тағамы, бір тәулік ішінде

бие сүтін ашыту және пісуі арқылы алынған қымыз, сүт өнімі.

3.7 **Құнан қымыз:** Үш тәулік ішінде бие сүтін ашыту және пісіру арқылы алынған қымыз, сүт өнімі.

3.8 **Дөнен қымыз:** Төрт тәулік ішінде бие сүтін ашыту және пісіру арқылы алынған төрт күндік қымыз, сүт өнімі.

3.9 **Бесті қымыз:** Бес тәулік ішінде бие сүтін ашыту және пісіру арқылы алынған қымыз, сүт өнімі.

3.10 **Асау қымыз:** Бес тәуліктен артық уақытта бие сүтін ашыту және пісіру арқылы алынған қымыз, сүт өнімі.

3.11 **Түнемел қымыз:** Үлкен ыдыстарда немесе торсықтарда дайындалған, ескі қымыздың қалдықтары - қора қосылған, содан кейін кішкентай ыдыстарға екі тәулікке қойылған, және екінші тәулікте мұқият араластырылып және ауа жіберілген қымыз өнімі.

3.12 **Жуас қымыз:** Ашытылған бие сүті - әлсіз қымыз сүт өнімі.

3.13 **Құрама қымыз:** Күзгі кезеңдегі жиналған қымыз сүт өнімі.

3.14 **Қысырдың қымызы:** Жазда қысыр қалған, құлынын емізетін биенің қымызы, дәмі жұмсақ, биологиялық қасиеттері жоғары сүт өнімі.

3.15 **Қорабалы қымыз:** Ашытылуы және пісілуі үлкен ыдыстарда бірнеше тәулік бойы, үнемі тәулік бойы оған жас сауылған бие сүтін қосу арқылы жасартылған қымыз сүт өнімі.

3.16 **Сары қымыз:** Шілдедегі майлылығы жоғары, сары түсті қымыз, өнімнің бетіндегі көрінеу майлары бар сүт өнімі.

3.17 **Сірне жияр қымызы:** Ескі сауылған сүттен жасалған қымыз сүтті өнімі.

3.18 **«Ақбота» қышқыл сүтті көкөніс компоненттері қосылған сусын:** Түйе сүтінен дайындалған, бактериялық ашытқымен ашытылған, алынған өнімге көкөніс компоненттерін қосу арқылы дайындалған қышқы сүтті өнім.

3.19 **Ақ ірімшік:** Сиыр, қой немесе ешкі сүтінен немесе олардың қоспаларынан дайындалған, пастеризациялау арқылы, қоюлатылған немесе қойблатылмаған, сүттің ұюымен, бактериялық ашықтымен ашытумен, кальций хлоридін және сүтті ұйытатын ферментті енгізумен және сары суды қоюынан бөлу арқылы дайындалған өнім.

3.20 **Ақлақ:** Сиыр, қой немесе ешкі сүтінен оған қатық немесе айран қосумен, қайнатуға дейін жеткізу арқылы және қойыртпағын пісірмен, сары судан қоюын бөліп алумен, қойыртпаққа артынан қайнатылған, салқындатылған қой немесе сиыр сүтін, кілегейлі майды қосу арқылы дайындалған қышқыл сүтті өнім.

3.21 **Аққұмшық:** Қой сүтінің қатығынан жасалған қайнатылған, сары суы қоюынан ажыратылған, кептірілген қышқыл сүтті өнім.

3.22 **Уыз ірімшік:** Ауыл шаруашылығындағы жануарлардың уызынан дайындалатын қышқыл сүтті өнім.

3.23 **Көбіршік ірімшік:** Сиыр сүтін қымызбен араластыру арқылы

ҚР СТ 2117-2015

дайындалған ірімшік сүт өнімі.

3.24 **Малта:** Майсыздандырылған сүтпен, сары сумен немесе сумен қойыртпақталғанға дейін немесе ұсақталғанға дейін араластырылып дайындалған қышқыл сүтті өнім.

3.25 **«Нәзік» ірімшікті массасы:** Көкөніс компоненттерін қосу арқылы түйем сүтінен дайындалған қышқыл сүтті өнім.

3.26 **Микроағзалардың протосимбиотикалық қоспасы:** Біріккенде өзара пайдалы болып табылатын микроағзалардың қоспасы.

3.27 **Жас құрт:** Майынан ажыратылған іркіттен қайнату арқылы ылғалын буландыру арқылы дайындалған қышқыл сүтті өнім.

Құртты алынған массаны кептіру арқылы алады.

3.28 **Көбік:** Құрттың қайнап жатқан массасының көбігі.

3.29 **Жас құрт:** Толық кеппеген, кілегейлі маймен араластырылған жұмсақ құрт.

3.30 **Ыстық құрт:** Қайнап жатқан сары май қосылған құрт.

3.31 **Сықпа құрт:** Сары суын сүзіп алғаннан кейінгі қышқыл сүтті өнімге тұз қосылған құрт.

3.32 **Майлы құрт:** Сары майда кептірілген құрт.

3.33 **Ақ құрт:** Араластырылған құрт.

3.34 **Қойыртпақ құрт:** Қайнатылған, кептірілмеген құрт.

3.35 **Құмшық:** Кептірілген қысылған құрт - қайнап жатқан құртқа қой сүтінен жасалған қатықты қосады.

3.36 **Ұнтақ құрт:** Ұнтақталған құрт.

3.37 **Түйе сүтінен жасалған ірімшік:** Түйе сүтінен немесе ауыл шаруашылық жануарларының сүттері мен түйе сүтінің басым бөлігінің қоспасынан, ақуыздық-көмірсулық шикізаттан сүтті ұйытатын ферментті және артынан сары судан ірімшікті массаны бөліп алу арқылы сүт қышқылды ашытқыны пайдаланумен, оны қалыптаумен, қысумен, тұз қосумен, белгілі температурада жетілдіру арқылы алынған өнім.

3.38 **Ешкі сүтінен алынған ірімшік:** Ешкі сүтінен немесе ауыл шаруашылық жануарларының сүттері мен ешкі сүтінің басым бөлігінің қоспасынан, ақуыздық-көмірсулық шикізаттан сүтті ұйытатын ферментті және артынан сары судан ірімшікті массаны бөліп алу арқылы сүт қышқылды ашытқыны пайдаланумен, оны қалыптаумен, қысумен, тұз қосумен, белгілі температурада жетілдіру арқылы дайындалған өнім.

3.39 **Түйе сүтінен жасалған қышқыл сүтті сусын:** Түйе сүтінен сүтті өңдеудің жанама өнімдерін қосумен және сүт емес компоненттердің қосылуымен, өнімді байыту үшін енгізілген, сүттің құрамы өнім құрамында 50,0 % артық мөлшерді құрайтын өнім,

3.40 **Түйе сүтінен жасалған сүзбе:** Түйе сүтінен немесе басқа ауыл шаруашылық жануарларының сүттері мен түйе сүтінің басым бөлігінің қоспасынан, ақуыздық-көмірсулық шикізаттан сүтті ұйытатын ферментті және артынан сары судан сары сулы массаны бөліп алу арқылы сүт

қышқылды ашытқыны пайдаланумен, оны қалыптаумен, қысумен, тұз қосумен, және қаптаумен дайындалатын сүт қышқылды өнім.

4 Жіктелуі

4.1 Ұлттық сүт өнімдері келесі топтарға және топшаларға бөлінеді:

4.1.1 Өнімдерді дайындауда пайдаланылатын ауыл шаруашылық жануарларының сүт-шикізаттарының түріне байланысты:

- сиыр сүтінен;
- бие сүтінен;
- түйе сүтінен;
- ешкі және қой сүтінен;
- жоғарыда аталғандардың қоспасынан.

4.1.2 Шикізаттың құрамына байланысты:

- сүтті;
- сүт құрамды.

4.1.3 Дайындау технологиясына байланысты - қаймағы алынбаған:

- ішуге арналған сүт;
- сүтті сусындар;
- қышқыл сүттілер;
- ірімшіктері;
- ірімшіктерге;
- майларға;
- тағамдық концентраттарға.

4.1.4 Енгізілген минералдар, макро, микро элементтер, компоненттерге байланысты;

- байытылған;
- байытылмаған.

4.1.5 Құрылымына және консистенциясына байланысты:

- сұйық;
- бұзылмаған және бұзылған қойыртпақпен;
- қойыртпақ тәрізді, иілімді;
- құрғақ;
- концентрирленген;
- жұмсақ, қатты.

4.1.6 Термоөндеу тәсілі немесе басқадай өндеу тәсіліне байланысты:

- термоөндеуге ұшырамаған;
- термизделген;
- пастерленген;
- жоғары температуралық өндеумен;
- ауа жіберілген;
- ауа жіберілмеген.

4.1.7 Майдың массалық үлесіне байланысты:

ҚР СТ 2117-2015

- майсыздандырылған;
 - майсыздар;
 - майы аз, төменгі майлылықтағылар;
 - жартылай майлы;
 - классикалық;
 - майлы;
 - майлылығы жоғары.
- 4.1.8 Құрғақ заттардың массалық үлесіне байланысты:
- Сүттегі құрғақ заттардың массалық үлесі 25 % дейін;
 - 25% және одан жоғары.

5 Жалпы техникалық талаптар

5.1 Жалпы ережелер

5.1.1 Ұлттық сүт өнімдері дайындау талаптары сүт өнеркәсібі кәсіпорындарында гигиеналық талаптарды сақтаумен ҚР СТ 1081 және ҚР СТ 2005 қарастырылған осы стандарттардың талаптарына сәйкес дайындайды.

Нақты атаудағы ұлттық сүт өнімінің салмағы, формасы, өңдеу түрі, жарамдылық мерзімі дайындаушымен анықталуы қажет және технологиялық нұсқаулықпен орнатылуы қажет.

5.2.3 Мүмкін болатын қауіпті заттардың деңгейі (токсинді элементтер, микотоксиндер, диоксиндер, меламин, антибиотиктер, пестицидтер, радонуклидтер) нақты атаудағы ұлттық сүт өнімде талаптардан аспауы қажет [1].

5.2.4 Микроағзалардың рұқсат етілген деңгейі (ішек таяқшалары тобының бактериялары, ашытқылар, зеңдер, патогенді микроағзалар, соның ішінде сальмонеллалар, *S.aureus* стафилококтар, *L.monocytogenes* листериилар) ұлттық өнімде талаптардан аспауы қажет [2]

5.1.5 Осы стандарттағы анықталған ұлттық сүт өнімдеріне сәйкес терминдер мен анықтамалар бар (мысалы, жас құрт, көбік, құмшық, ұнтаққұрт), бірақ органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштері жоқ, себебі органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштер негізгі өнім - құртқа берілген, бұл жағдайда бұндай ұлттық тағамдардың көрсеткіштері органолептикалық және химиялық көрсеткіштер дайындаушы кәсіпорынмен бекітілген технологиялық нұсқаулықтарда орнатылуы қажет.

5.2 Негізгі көрсеткіштері мен ерекшеліктер

5.2.1 Органолептикалық көрсеткіштері бойынша ұлттық сүт өнімдері 1 және 2-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

**1-кесте. «Қымыз», «Қымызды сусын» ұлттық сүт өнімдерінің
органолептикалық көрсеткіштері**

Көрсеткіштің атауы	Ерекшеліктері		
	әлсіздікі	орташаныкі	қатандыкі
Қымыз, қымызды сусын			
Сыртқы түрі, консистенциясы	Сұйық, бір текті, газдалған, көпіретін		
Иісі мен дәмі	Таза табиғи қымыз үшін қышқылды сүтті, сергітетін, бөгде дәмдер мен иісі жоқ; әлсіз қымыз үшін тәттірек.		
Түсі	Сүтті-ақшыл.		
Ерекшелер Ерекшеліктері	Әлсіз газдалған, Көбік шайқаған кезде жеңіл түсіп кетеді. Қою консистенцияның сұйықтығы. Дәмі әлсіз қышқыл, тілді ашытпайды, екі қабақта тез бөлінеді: төменгі - ірімшікті, үстіңгісі -сулы. Стақанның қабырғасында ұсақ ұлпалармен отырады.	Қатты газдалған, Шайқаған кезде ұзақ уақыт шөкпейтін көбік қабаты түзіледі. Консистенциясы бие сүтіне қарағанда сұйғырақ. Дәмі қышқыл, өткір. Қарапайым жағдайда екі қабатқа бөлінбейді. Стақанның қабырғасында тегіс қызғылт түзідү байқалады.	Көмірқышқылды қышқыл біртіндеп ұсақ түзілуіне әкелетіндей, көбіктің аз түзілуіне әкеліп соғады. Консистенциясы неғұрлым сұйық, және орташаның дәмі көбінесе қышқыл және ауыр. Қабаттарға бөлінуде ажырап кетпейді. Стақанның қабырғасында әлсіз мөлдір тұнба қалады.
Ескертпе - 3,3.2-3.17 бөліктерінде қымыздың қосымша түрлері берілген			

ҚР СТ 2117-2015

2-кесте. Қазақтың ұлттық сүт өнімдерінің органолептикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	Сипаттамасы
Бал-қаймақ	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Ерекшеліктері ҚР СТ 1105 «Сүт өнімдері. Бал қаймақ. Жалпы техникалық талаптар» сәйкес орнатылған.
Иісі мен дәмі	
Түсі	
Шұбат	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Ерекшеліктері ҚР СТ 117 «Шұбат. Техникалық талаптарында» орнатылған
Иісі мен дәмі	
Түсі	
Құрамында сәбіз қосылған «Аюбота» қышқыл сүтті сусын болды.	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Біртекті мөлдір емес сұйықтық
Иісі мен дәмі	Таза, қышқыл сүтті, сәбіздің дәмі бар
Түсі	Сары.
Құрамында қызылша қосылған «Ақбота» қышқыл сүтті сусыны	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Біртекті мөлдір емес сұйықтық
Иісі мен дәмі	Таза, қышқыл сүтті, қызылшаның дәмі бар
Түсі	Қою-қызыл
Құрамында асқабақ қосылған «Ақбота» қышқыл сүтті сусыны	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Біртекті мөлдір емес сұйықтық
Иісі мен дәмі	Таза, асқабақтың дәмі бар қышқыл сүтті құрам
Түсі	Сары-тоқсары.
Ауыл шаруашылық жануарларының сүттерінен және олардың қоспасынан йогурттар	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Біртекті, шектеулі тұтқыр сұйықтық. Стабилизатор қосқан кезде - желе тәрізді немесе крем тәрізді. Тағамдық компоненттерді қосқанда - солардың дәмімен.
Иісі мен дәмі	Таза, сүтқышқылды, бөгде иіс пен дәмсіз. Қантты немесе тәттілегішті қосқанда -шектеулі тәтті дәм. Тағамдық дәмдік компоненттерді қосқан кезде - қосылған компоненттермен негізделген.
Түсі	Сүтті-ақ, біртегіс қосылған компоненттермен негізделген.
Түйе сүтінен қышқыл түсті сусын немесе оны қайта өңдеуден алынған өнімдер	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Біртекті, біраз тұтқыр сұйықтық. Қосылған өсімдік және басқа толтырғыштардың барлығынан ақуыздың аз мөлшерде болуына рұқсат етіледі.
Иісі мен дәмі	Таза, қышқыл сүтті, енгізілген өсімдік және басқа компоненттер
Түсі	Енгізілген өсімдік және басқа құрамдардың негізделген түсі

2 кестенің жалғасы

Көрсеткіштің атауы	Сипаттамасы
	барлық қоспа бойынша біркелкі.
«Шалап» қышқыл сүтті өнімі	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Біртексіз мөлдір емес сұйықтық
Иісі мен дәмі	Таза, қышқыл сүтті, шамамен тұздалан
Түсі	Ақ, біраз кремді реңкі бар.
Қатық	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Біртексіз газсыз қойыртпағы бұзылған немесе бұзылмаған сұйықтық.
Иісі мен дәмі	Таза, сүтқышқылды, бөтен дәмдерсіз және иіссіз, пастерлеудің айқын дәмімен.
Түсі	Кремді, барлық масса бойынша біркелкі.
«Айран» қышқыл сүтті өнімі	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Біртексіз, бұзылмаған немесе бұзылған қойыртпақпен; Ескерту - Араластырған соң жоғалатын және қалыпты микрофлорадан пайда болған жеке көздер түріндегі газ бөлінуіне, казеиннің нәзік ұлпаларының, сарыуыздың болуына рұқсат беріледі.
Иісі мен дәмі	Таза сүт қышқылды, бөтен дәмдерсіз және иістерсез немесе тұз және су қосқанда.
Түсі	Ақ, біркелкі барлық қоспа бойынша біркелкі.
«Таң» қышқыл сүтті өнімі	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Қойыртпағы бұзылмаған, газ түзілмеген, шамалы тығыз. Резервуарлық тәсілмен дайындалған «Таң» қышқыл сүтті өнімі үшін, біртекті қойыртпақ консистенциясының біраз сарысу бөлінуімен (өнім көлемінің 3% астам емес). Ескерту - Барлық масса бойынша жеке сүт көбіктерінің болуы мүмкін.
Иісі мен дәмі	Таза, сүтқышқылды, бөтен дәмдерсіз және иіссіз, пастерлеудің айқын дәмімен. Ескерту - Қалпына келтірілген сүттің дәмі болуы мүмкін.
Түсі	Ашық-кремдіден кремдіге дейін, барлық масса бойынша біртекті.
«Боза» қышқыл сүтті өнімі	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Сұйық, бір текті, газдалған, көпіретін.
Иісі мен дәмі	Таза, қышқыл сүтті, ашытқының дәмімен.
Түсі	Ақ, біраз кремді реңкі бар.
«Көже» қышқыл сүтті өнімі	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Біртексіз, аздап тұтқыр сұйықтық қолданылатын жарманың бөліктерімен. Қосылатын жарманың түзілуінің болуын болады.
Иісі мен дәмі	Таза, қышқыл сүтті, сергітетін, шамалы ащы, қосылатын жарнаға бапйланьсты өз ерекшелігі бар.
Түсі	Сүтті-ақ, бидайды қосқанда анық кремді.

ҚР СТ 2117-2015

2 кестенің жалғасы

Көрсеткіштің атауы	Сипаттамасы
	бидайлы - аздап сары реңімен ашық-кремді.
«Іркіт» қышқыл сүтті өнімі	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Сұйық, аздап тұтқыр, газдалған, көпіретін.
Иісі мен дәмі	Таза, қышқыл сүтті, сергітетін, шамалы ащы, қосылатын жарнаға байланысты өз ерекшелігі бар, бөтен дәм мен иіссіз.
Түсі	Сүтті-ақ, бидайды қосқанда анық кремді, тарыны қосқанда -ашық-кремді аздап сары реңі бар.
«Сүзбе» қышқыл сүтті өнімі (ауыл шаруашылық жануарларының сүттерінен және олардың қоспасынан)	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Біртекті, жұмсақ, жағылмалы немесе шашыраңқы, сүт ақуызы бөлшектерінің болуы немесе сезілмеуімен. Тағамдық компоненттерді қосқанда - солардың дәмімен.
Иісі мен дәмі	Таза сүт қышқылды немесе иісі мен дәмі қосылған компоненттерге ұқсас (қосқан жағдайда) Ескерту - Қараша мен мамыр кезеңінде мұздатылған шикізатты пайдалануда аздап білінетін жемдік дәм мүмкін.
Түсі	Сүтті-ақ, барлық масса бойынша біртекті немесе енгізілген компоненттің түсімен негізделген, барлық масса бойынша біртекті.
«Сүзбе» қышқыл сүтті өнім (түйе сүтінен жасалған)	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Жұмсақ, біртекті, езілген. Майсыз сүзбеда үшін сарысудың біраз бөлінуі мүмкін.
Иісі мен дәмі	Таза, сүтқышқылды, бөгде иіс пен дәмсіз.
Түсі	Ақ крем реңкті немесе, барлық масса бойынша біртекті.
Сәбіз компоненттерімен «Нәзік» ірімшікті массасы	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Біртекті, нәзік, шамалы тығыз, енгізілген компоненттің білінетін бөлшектерінсіз.
Иісі мен дәмі	Таза, қышқыл сүтті, сәбіздің дәмі бар
Түсі	Барлық қоспа бойынша біркелкі, сары.
Қызылша компоненттерімен, «Нәзік» ірімшік массасы.	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Біртекті, нәзік, шамалы тығыз, енгізілген компоненттің білінетін бөлшектерінсіз.
Иісі мен дәмі	Таза, қышқыл сүтті, қызылшаның дәмі бар
Түсі	Барлық масса бойынша біркелкі, қою қызыл.
Ірімшікті өнім - сары ірімшік	
Сыртқы түрі, консистенциясы	ҚР СТ 1102 «Сары ірімшік. Жалпы техникалық шарттары» бойынша ерекшеліктері
Иісі мен дәмі	
Түсі	
Түйе сүтінен жасалған жұмсақ ірімшік	
Сыртқы түрі, консистенциясы	Ірімшіктің қыртысы жоқ, беті таза, тегіс, серпянканың ізімен. Нәзік, шамалы тығыз, аздап сынғыш, бірақ үгілгіш емес. Ескерту- Кесектердің аздап деформациялануы және аздап сызаттар болуы мүмкін.

2 кестенің соңы

Көрсеткіштің атауы	Сипаттамасы			
Иісі мен дәмі	Аздап білінетін ірімшікті, шамалы тұздалған.			
Түсі	Барлық қоспа әлсіз ақтан сары түске дейін, біртекті.			
Сурет	Дұрыс емес формадағы көзшелердің біраз саны және тесіктердің болуы мүмкін.			
Ешкі сүтінен алынған тұздықты ірімшік				
Сыртқы түрі, консистенциясы	Беті тегіс, серпянканың ізімен, кесектердің аздап деформациялануы, сызаттың болуы мүмкін. Нәзік, шамалы тығыз, аздап сынғыш, бірақ үгілгіш емес.			
Иісі мен дәмі	Таза, сүтқышқылды, шамалы тұздалған, бөгде иіс пен дәмсіз.			
Түсі	Барлық қоспа әлсіз ақтан сары түске дейін, біркелкі.			
Сурет	Сурет жоқ, дұрыс емес формадағы көзшелердің біраз саны және тесіктердің болуы мүмкін.			
«Құрт» (ауыл шаруашылық жануарларының сүттерінен және олардың қоспасынан)				
	Майлы құрт тұздалмаған	Майлы құрт тұздалмаған	Майсыздандырылған құрт тұздалмаған	Майсыздандырылған құрт тұздалмаған
Сыртқы түрі, консистенциясы	Ерікті формадағы (шар тәрізді, кесек, плитка, шелпек, сегмент және т.б. тәрізді) салмағы 20-60 г дейін, Дұрыс емес формада, қисаюлар, дөңгелек қырлары болуы мүмкін. Шашып кептіретін құрт үшін ұсақ ұнтақ немесе 20 г салмаққа дейінгі таблеткалар түрінде. Қатты, құрғақ немесе ұсақ ұнтақ. Механикалық әрекетте тез шашылатын, қатты түйіршіктердің болуы мүмкін.			
Иісі мен дәмі	Таза сүт қышқылды	Шамалы тұздалған	Таза сүт қышқылды	Шамалы тұздалған
Түсі	Ақтан кремді түске дейін			

5.2.2. Ұлттық сүт өнімдерінің физикалық-химиялық көрсеткіштері 3-23 кестесінің талаптарына сай болуы қажет.

3-кесте. Бие сүтінен алынған қымыздың физикалық-химиялық көрсеткіштері

Майдың құрамы	әлсіз	орташа	қатаң
	Қышқылдығы °Т		
1,8 %-нан кем емес	60-80	81-100	101-140

4-кесте. Сиыр сүтінен және басқа ауылшаруашылық жануарларының сүттерінің қоспасынан алынған қымыздың физикалық-химиялық көрсеткіштері.

Майдың құрамы	әлсіз	орташа	қатаң
	Қышқылдығы °Т		
Кем емес 2,8 %	60-75	76-95	96-125
	Алкогольдік пайызы		
	0,7 % дейін	1,0 % дейін	2,0 % дейін

ҚР СТ 2117-2015

5-кесте. «Ақбота» қышқыл сүтті сусынының физикалық-химиялық көрсеткіштері

Атауы	Норма				Кәсіпорыннан шығарылған кездегі температурасы, °С, астам емес
	Қышқылдығы, °Т, астам емес	Майдың массалық үлесі, %		Фосфатаза	
		майы кем емес	Құрғақ майсыздандырылған сүт қалдығы (СОМО), кем емес		
Құрамында көкөніс компоненттері қосылған «Ақбота» қышқыл сүтті сусыны	80-110	3,5	7,8	жоқ	4±2

6-кесте. Ауылшаруашылық жануарларының сүтінен және олардың қоспасынан алынған йогурттың физикалық-химиялық көрсеткіштері.

Көрсеткіштің атауы	Норма
Майдың массалық үлесі, % -сүтті майлы емес, астам емес; -сүтті төменгі майлылықта; -сүтті жартылай майлы; -сүтті классикалы; -сүтті-кілегейлі; -кілегейлі-сүтті; -кілегейлі.	0,1 0,3-тен 1,0-ге дейін 1,1 -ден 2,6 дейін 2,7-ден 4,6-ке дейін 4,7-ден 7,3-ке дейін 7,4 -тен 9,5-ке дейін 10-нан кем емес
Сүт майының массалық үлесі, % кем емес: -қоспасыз йогурт үшін; -жемісті (көкөністі) йогурт үшін.	3,2 2,8
Инвертті қантқа есептегендегі сахарозаның және жалпы қанттың салмақтығы*	Қантпен және (немесе) жемістік компоненттермен дайындалатын, нақты атаудағы йогуртқа технологиялық нұсқаулықпен орнатылады
Дәрумендердің массалық үлесі, %	Нақты атаудағы дәруменделген йогуртқа технологиялық нұсқаулықпен орнатылады.
Қышқылдығы, °Т	75-тен 140 дейін
Фосфатаза	жоқ
Кәсіпорыннан шығарылған кездегі температурасы, °С, астам емес	4 ± 2
*Сахарозаның салмақтық үлесінің мәні, қантпен бірге дайындалатын йогуртқа қатысты, ал жалпы қанттың инвертті қантқа -йогуртқа есептегендегі, жидектік компоненттермен, құрамына жидек және жемістен басқа қант кіретін салмақтық үлесі.	

7-кесте. Түйе сүтінен немесе оны өңдеуден алынған өнімдерен дайындалған қышқыл сүтті сусындардың физикалық-химиялық көрсеткіштері.

Көрсеткіштің атауы	Норма
Өнімдегі майдың массалық үлесі 12 % кем емес.	3,0
Ақуыздың массалық үлесі, %, кем емес	3,8
М өлшеуінен қышқы	90-110
Белсенді қышқылдығы, рН,	3,5-тен 17,5 дейін
Инвертті қантқа есептегендегі сахарозаның және жалпы қанттың салмақтығы*, %	8-ден 13 дейін
Құрғақ заттардың массалық үлесі, %	15
Тағамдық ас тұзының салмақтық үлесі, % астам емес.	1,0
Кәсіпорыннан шығарылған кездегі температурасы, °С, астам емес	4±2
Фосфатаза	жоқ

8-кесте. «Шалап» қышқыл сүтті сусынының физикалық-химиялық көрсеткіштері

Қышқылдығы, °Т, астам емес	Көрсеткіш және норма			Кәсіпорыннан шығарылған кездегі температурасы, °С, астам емес
	Массалық үлесі, %	майы кем емес	ас тұзы, астам емес	Фосфатаза
80-120	1,0	1,5	жоқ	4±2

9-кесте. «Қатық» қышқыл сүтті сусынының физикалық-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	Өнімнің көрсеткіштерінің мәні майдың массалық үлесі, %		
	майлы емес	0,5-тен 2,5-ке дейін	2,5-тен 4,0-ке дейін
Дәруменделген қатықта дәруменнің массалық үлесі, мг %, кем емес	10,0	10,0	10,0
Қышқылдығы, °Т	80-нен 140 дейін		
Кәсіпорыннан шығарылған кездегі температурасы, °С, астам емес	4 ± 2		
Фосфатаза	жоқ		

ҚР СТ 2117-2015

10-кесте. «Айран» қышқыл сүтті сусынының физикалық-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	Майдың массалық үлесі мен өнімнің көрсеткіштерінің мәні, %		
	астам емес 0,5	0,6-дан 2,5-ке дейін	2,6-дан 4,0-ке дейін
Өнімде тұз және суды қоспағандағы ақуыздың массалық үлесі % кем емес	3,0	3,0	2,8
Өнімде тұз және суды қоспағандағы ақуыздың массалық үлесі % кем емес	1,5	1,5	1,3
Қышқылдығы, °Т	80-нен 120 дейін		
Кәсіпорыннан шығарылған кездегі температурасы, °С, астам емес	4 ± 2		

11-кесте. «Боза» қышқыл сүтті сусынының физикалық-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіш және норма					
Қышқылдығы, °Т, астам емес	Массалық үлесі, %				Кәсіпорыннан шығарылған кездегі температурасы, °С, астам емес
	майы кем емес	СОМО. кем емес	спирт, астам емес	фосфатаза	
100-120	1,5	10,0	1,5	жоқ	4 ± 2

12-кесте. «Боза» қышқыл сүтті сусынының физикалық-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	Норма
Өнімдегі майдың массалық үлесі 12 % кем емес.	2,5
Ақуыздың массалық үлесі, %, кем емес	4
Қышқылдығы, °Т	60-тан 90 дейін
Фосфатаза	жоқ
Кәсіпорыннан шығарылған кездегі температурасы, °С, астам емес	4 ± 2
Ескерту - Жеке қаптамаларда өнімнің майдың салмақтық үлесінен ауытқуына болады ± 0,5 %.	

13-кесте. «Іркіт» қышқыл сүтті сусынының физикалық-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	Норма
Өнімдегі майдың массалық үлесі 12 % кем емес.	2,8
Ақуыздың массалық үлесі, %, кем емес	2,8
Қышқылдығы, °Т	60-тан 90 дейін
Фосфатаза	жоқ
Кәсіпорыннан шығарылған кездегі температурасы, °С, астам емес	4 ± 2
Ескерту - Жеке қаптамаларда өнімнің майдың салмақтық үлесінен ауытқуына болады ± 0,5 %.	

14-кесте. Түйе сүтінен жасалған «Сүзбе» қышқыл сүтті өнімнің физикалық-химиялық көрсеткіштері

Өнімнің атауы	Массалық үлесі, %			Мөліштенетін қышқылдығы, °Т, астам емес
	құрғақ заттағы майдың, кем емес	ылғалдың, астам емес	ас тұзы, астам емес	
Майлы сүзбе	15	68	1,0-1,5	200
Жартылай майлы сүзбе	5	72	1,0-1,5	210
Майлы емес сүзбе	-	72	1,0-1,5	220
Фосфатаза	жоқ			
Кәсіпорыннан шығарылған кездегі температурасы, °С, астам емес	4±2			

15-кесте. «Нәзік» ірімшікті массаның физикалық-химиялық көрсеткіштері

Өнімнің атауы	Көрсеткіштер және норма				
	Қышқылдығы, °Т, астам емес	Массалық үлесі, %			Кәсіпорыннан шығарылған кездегі температурасы, °С, астам емес
		Май кем емес	ылғалдың, астам емес	фосфата за	
«Нәзік» ірімшікті массасы көкөністі компоненттермен	150	15,0	65	жоқ	4±2

16-кесте. «Қызыл- ірімшік» сүт өнімінің физикалық-химиялық көрсеткіштері.

Көрсеткіштің атауы	Норма	
	тәтті сары, қызыл ірімшік	тұздалған сары, қызыл ірімшік
Құрғақ затқа есептегендегі майдың салмақтық үлесі, %, кем емес	30	
Тұздың массалық үлесі, % астам емес	-	2,5
Ылғалдың массалық үлесі, % астам емес	15	
Жалпы қанттың массалық үлесі,	Рецептурада орнатылады және (немесе)	
инвертті қантқа қайта есептегенде, %	жеміс-жидекті компоненттермен дайындалатын сары, қызыл ірімшіктің нақты атауларына технологиялық нұсқаулық	
Фосфатаза	жоқ	
Ескерту - Жеке орам бірліктерінде көрсеткіштердің нормадан ауытқуы майдың массалық үлесінен құрғақ затқа есептелуінде 1% азаю жағына, ылғалдың массалық үлесі бойынша 1% үлкею жағына рұқсат етіледі.		

ҚР СТ 2117-2015

17-кесте. «Кұрт» өнімінің физикалық-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	Норма			
	Майлы тұздалмаған құрт	Майлы тұздалған құрт	Майсыз тұздалмаған құрт	Майсыз тұздалған құрт
Өнімдегі майдың массалық үлесі 12 % кем емес.	12,0	12,0	-	-
Ылғалдың массалық үлесі, % астам емес	17,0	17,0	17,0	17,0
Ас тұзының массалық үлесі, %, астам емес	-	2-ден 2,5 дейін	-	2-ден 2,5 дейін
Қышқылдығы, °Т	160,0 -тан 400 дейін			

18-кесте. Түйе сүтінен жасалған ірімшіктің физикалық-химиялық құрамы

Көрсеткіштің атауы	Норма
Ылғалдың массалық үлесі, % артық емес	58
Ас тұзының массалық үлесі, %, артық емес	3-3,5
Құрғақ заттағы майдың массалық үлесі, % кем емес	40
Белсенді қышқылдығы, рН, астам емес	5,0-5,3

19-кесте. Түйе және ешкі сүтінің қоспасынан жасалған ірімшіктің физикалық-химиялық құрамы

Өнімнің атауы	Массалық үлесі, %			Белсенді қышқылдығы, рН, астам емес
	құрғақ заттағы майдың құрамы, кем емес	ылғалдың	ас тұзының	
Жұмсақ	40	55-58	1,0-1,5	5,5-5,7
Тұздықты	40	55-60	3,0-3,5	5,0-5,3

20-кесте. «Таң» қышқыл сүтті сусынының физикалық-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіш атауы	Норма				
Ақуыздың массалық үлесі, %, кем емес	2,8	2,6	2,6	2,6	2,6
Өнімдегі майдың массалық үлесі, % кем емес.	1,0	2,5	3,5	4,0	6,0
Қышқылдығы, °Т	70-тен 110 дейін				
Фосфатаза	жоқ				
Кәсіпорыннан шығарылған кездегі температурасы, °С, астам емес	4±2				

5.2.3. Келесі қазақтың ұлттық өнімдерінің физикалық-химиялық көрсеткіштері:

- бал-қаймақ - ҚР СТ 1105 сәйкес;
- сары ірімшік - ҚР СТ 1102 сәйкес;
- ірімшік- ҚР СТ 84 сәйкес;
- сүзбе- ҚР СТ 1103 сәйкес белгіленген.

5.2.4. Ұлттық сүт өнімдерінің тағамдық және энергетикалық құндылықтарының көрсеткіштері дайындаушы кәсіпорынмен орнатылған тәртіппен рецептурада және (немесе) технологиялық нұсқаулықта пайдаланылатын шикізатқа байланысты орнатылады.

5.3 Шикізатқа қойылатын талаптар

5.3.1 Қазақтың ұлттық сүт өнімдерін өндіру үшін пайдаланылатын шикізат, соның ішінде тағамдық қоспалар және компоненттер, бактериялық ашытқылар, басқа қажетті ингредиенттер табиғи өнімде болуы қажет және [1], [2], [3] сәйкес келулері қажет.

5.3.2 Ұлттық өнімдерді өндіру үшін келесі шикізаттарды пайдаланады:

- ҚР СТ 1760, ҚР СТ 1733, ГОСТ 31449 бойынша сиыр сүті;
- ҚР СТ 1005 бойынша бие сүті;
- ҚР СТ 166* бойынша түйе сүті;
- әрекеттегі нормативті құжат бойынша қой сүті;
- әрекеттегі нормативті құжат бойынша ешкі сүті;
- ауыл шаруашылық жануарларының әр түрінің сүттерінің қоспасы;
- жоғарыда аталған сүт түрлерінің (ГОСТ 4495; ГОСТ 10970) концентрацияланған түрлері (құрғақ, қоюлатылған);
- [4], ГОСТ 2874 бойынша ауыз суы.
- әрекеттегі нормативті құжат бойынша тағамдық қоспалар;
- тағамдық өнімдер және компоненттер, соның ішінде жармалар, кондитер бұйымдары әрекеттегі нормативті құжат бойынша;
- қажетті компоненттер, соның ішінде бактериялық ашытқылар әрекеттегі нормативті құжат бойынша.

5.4 Таңбалау

5.4.1 Ұлттық сүт өнімдерінің тұтынушы орамының таңбалануы [2], [5] талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

5.4.2 Топтастырып орау, көп айналыпды және көліктік, көлік пакеті [2], [5], ГОСТ 14192 және ҚР СТ 1406 сәйкес манипуляциялық белгені немесе «Күн сәулесінен қорғау» және «Температураны шектеу» сияқты ескерту жазбаларын жазумен жүзеге асырылады.

5.4.3 Мөлдір полимерлі материалмен бандерольдеуде топтық орамда бүйірлеріне дәне көліктік ыдысқа және көліктік пакетке таңбалауға

ҚР СТ 2117-2015

болмайды.

Бұл жағдайда таңбалау ретінде тұтынушы ыдысындағы көрінеу жазбалар немесе топтастырып орауда, немесе көліктік ыдыста қосымша орын саны және брутто салмағы туралы ақпаратпен толықтырылулар болып есептеледі. Көрінбейтін жазбалар, соның ішінде манипуляциялық белгілер қосымше бетке жазылады немесе кез-келген басқа тәсілмен ұсынылады.

5.4.4 Дайындаушы өнімге тауарлық атау иелеуге құқылы (ойлап тапқан немесе фирмалық).

5.5 Қаптамаға қойылатын талаптар

5.5.1 Ұлттық сүт өнімдерін орауға пайдаланылатын қаптау материалдары, тұтынушы және көліктік ыдыс [6], ҚР СТ 1735 талаптарына және олар сәйкесінше дайындалған құжаттарға сай болуы қажет, және сақтауда, тасымалдауда және сатуда қауіпсіздікті және сапаны қамтамасыз етуі қажет.

5.5.2 Топтастырып орауды ГОСТ 25776 сәйкес құрастырады.

5.5.3 Көліктік пакеттерді ГОСТ 23285 және ГОСТ 26663 бойынша құрастырады.

5.5.4 Көлікті пакетті салуды, тұтынушы ыдысының біреуінен кем емес немесе топтық орамы, және/немесе көліктік ыдысы, және/немесе көп айналымды ыдыстың таңбасы көліктік пакеттің әрбір бүйір жағынан көрінетіндей жүзеге асыру.

Көлік пакетін тұтынушылар ыдысының және/немесе топтық ораудың, және/немесе көліктік ыдыстың, және/немесе көп айналымды ыдыстың төменгі қатарын олардың пішінін бұзбай сақталуын қамтамасыз ететін тәсілмен салу.

5.5. Нетто құрамның нақты санынан рұқсат етілетін кері ауытқуы ГОСТ 8.579 сәйкес.

6 Қауіпсіздік талаптары

Ұлттық сүт өнімдерін өндірудің қауіпсіздігі [1], [2], [3], талаптарына, сондай ақ қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес болуға тиіс.

7 Қоршаған ортаны қорғау талаптары

Қоршаған табиғи ортаны сақтау бойынша талаптар, соның ішінде санитарлық-қорғау аймағында және ұлттық өнімдерді өндіру кезінде кәсіпорын аймағында, тұтынуға жарамсыз өнімдерді және оның өндірістен қалдықтары кедерге асыру, [7] талаптарына, әрекеттегі техникалық регламенттерге [8] сәйкес келуі қажет.

8 Қабылдау ережелері

Ұлттық сүт өнімдерін қабылдау ережелері ҚР СТ 1734 сәйкес болуы қажет.

9 Бақылау әдістері

9.1 Микробиологиялық талдаулар жүргізудегі қауіпсіздік талаптары [1], [2], [3] сәйкес.

9.2. Қазақтың ұлттық сүт өнімдерін бақылау және сынау әдістері ҚР СТ 1734 талаптарына сәйкес болуы қажет.

9.3 Сапа көрсеткішін ҚР СТ 1732 бойынша органолептикалық әдіспен анықтау.

10 Тасымалдау

Ұлттық сүт өнімдерін арнайы көлік құралдарымен, көліктің осы түрінде әрекет ететін, жылдам бұзылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес тасымалдайды.

11 Әзірлеушінің кепілдігі

11.1 Өндіруші ұлттық сүт өнімдерін тасымалдау және сақтау шарттарын сақтағанда осы стандарттың талаптарына сәйкес келетіндігіне кепілдік береді.

11.2 Ұлттық сүт өнімдерінің жарамдылық мерзімі және сақтау шарттарын технологиялық процестің аяқталған кезінен бастап [1], [2] талаптарын ескере отырып дайындаушы орнатады.

Библиография

[1] КО ТР 021/2011. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы. (Кедендік одақ комиссиясының 09.12.11 ж. № 880 шешімімен бекітілген).

[2] КО ТР 033/2013 Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы (Кедендік одақ комиссиясының 2013 жылғы 9 қазандағы №67 шешімімен бекітілген)

[3] ТР ТС 029/2012 Азық қоспалары, хош иістендіргіштер мен технологиялық қосымша заттардың қауіпсіздік талаптары (еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 20 шілдедегі №58 Шешімімен қабылданды).

[4] "Шаруашылық-ас су, шаруашылық ауыз сумен жабдықтау және мәдени-тұрмыстық су пайдалану мен су объектілерінің қауіпсіздігі үшін су жинау орындары, су көздеріне қойылатын санитарлы-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық ережелері " (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы №209 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылдың 22 сәуірінде №10774 тіркелген).

[5] КО ТР 022/2011 Таңбалауына қатысты тағамдық өнім (Кедендік одақ Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №881 Шешімімен бекітілді).

[6] КО ТР 005/2011 Қаптаманың қауіпсіздігі туралы (Кедендік одақ Комиссиясының 2011 жылғы 16 тамыздағы №769 Шешімімен бекітілген).

[7] Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі (Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 09 қаңтардағы № 212 ІІІ кодексі)

[8] Қоршаған орта, адам мен жануарлардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін тағамдық өнімдерді жою мен утилизациялау ережелері (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы №140 қаулысы).

ӘОЖ 637.1

МСЖ 67.100.10

Түйін сөздер: бал-каймақ, саумал-қымыз, сары қымыз, құрт, аққұмшық, ақ ірімшік, құрт жас құрт.



НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

НАЦИОНАЛЬНЫЕ КАЗАХСКИЕ МОЛОЧНЫЕ ПРОДУКТЫ

Виды

Общие технические условия

СТ РК 2117-2015

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН Товариществом с ограниченной ответственностью «КазВод-Консалтинг»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 30 ноября 2015 года № 250-од

3 В настоящем стандарте реализованы положения Законов Республики Казахстан «О техническом регулировании» от 9 ноября 2004 года № 603-П и «О языках в Республике Казахстан» от 11 июля 1997 года № 151-І.

**4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ**

**2022 год
5 лет**

5 ВВЕДЕН ВЗАМЕН СТ РК 2117-2011 «Национальные казахские молочные продукты. Виды. Общие технические условия»

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений и поправок – в ежемесячно издаваемых информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (замены) или отмены настоящего стандарта соответствующее уведомление будет опубликовано в ежемесячно издаваемом информационном указателе «Национальные стандарты»

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан.

Содержание

1	Область применения	1
2	Нормативные ссылки	1
3	Термины и определения	2
4	Классификация	5
5	Общие технические требования	6
6	Требования безопасности	21
7	Требования по охране окружающей среды	21
8	Правила приемки	22
9	Методы контроля	22
10	Транспортирование	22
11	Гарантии изготовителя	22
	Библиография	23

CT PK 2117-2015

НАЦИОНАЛЬНЫЕ КАЗАХСКИЕ МОЛОЧНЫЕ ПРОДУКТЫ**Виды****Общие технические условия****Дата введения 2017-01-01****1 Область применения**

Настоящий стандарт распространяется на национальные казахские молочные продукты (далее - национальные молочные продукты, казахские национальные молочные продукты, молочный продукт), изготовленные по классической технологии и предназначенные для непосредственного употребления в пищу или в качестве сырья для производства других видов продукции.

Стандарт устанавливает всесторонние требования к национальным молочным продуктам, включая классификацию, технические требования, порядок проведения приемки, испытаний, упаковки, маркировки, транспортирования и хранения.

2 Нормативные ссылки

Для применения настоящего стандарта необходимы следующие ссылочные нормативные документы:

СТ РК 84-2015 Национальные казахские молочные продукты. Иримшик. Технические условия.

СТ РК 117- 2015 Шубат. Технические условия.

СТ РК 166- 2015 Молоко верблюжье для переработки. Технические условия.

